



TAN

ел шебінде!

SAQSHYSY

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

№27 (6163) 05 шілде 2025 жыл



МЕРЕКЕ

АСТАНА – ЕЛ ЖҮРЕГІ



6 шілде – барша қазақстандықтар үшін ерекше күн. Бұл – Қазақстан Республикасының елордасы Астананың туған күні. Тәуелсіз еліміздің жүрегі, болашаққа бастар жолдың символына айналған Астана бүгінде қазақ халқының өркендеуі мен бірлігінің нышаны болып отыр.

Елорданы Алматыдан Сарыарқаның төсіне көшіру – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең батыл әрі көреген шешімдердің бірі болды. Бұл тек әкімшілік орталықты ауыстыру ғана емес, сонымен қатар ұлттық рухты жаңғырту, ел дамуының жаңа кезеңіне қадам басу еді.

Кейінгі жылдары бас қала тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орталық Азия аймағының ірі саяси, экономикалық, мәдени орталығына айналды. Мұнда халықаралық форумдар, саммиттер, мәдени шаралар тұрақты өткізіліп ке-

леді. Бас қалада бой көтерген сәулетті ғимараттар – қазақ халқының бай рухани дүниесін, заманауи технология мен ұлттық ерекшеліктің үйлесімін бейнелейді.

Астана – бұл жастар қаласы. Мұнда еліміздің түкпір-түкпірінен келген жас буын білім алып, еңбек етіп, армандарын жүзеге асыруда. Әсем қаланың заманауи келбеті, жасампаз рухы мен биік мақсаттары – әрбір азаматты отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа, жаңа биіктерге жетелеуде.

Бұл күн тек бір қаланың мерекесі емес, бұл – бүкіл елдің жаңғыруы мен дамуын тойлайтын күн. Бұл күні еліміздің түкпір-түкпірінде мерекелік шаралар, көрмелер, концерттер ұйымдастырылады. Шаһарымыз – қазақстандықтар үшін мақтаныш, ал әлем үшін – жас мемлекеттің өрлеуінің жарқын үлгісі.

Астана – бұл тек ел астанасы емес, бұл – Тәуелсіз Қазақстанның арманы мен болашағы. Әрбір қазақстандық үшін көрікті қаламыз – мақтаныш, шабыт және үміт көзі. Еліміздің жүрегі соғып тұрған бұл алып шаһар – келер ұрпақ үшін өшпес мұра, мәңгілік елдің мәңгілік символы. Астана күні құтты болсын!



**Подполковник
Ж. КЕМЕЛ, «ОС-ЧР».**
Сурет жасанды
интеллектінің
көмегімен жасалды.



**МАЙҚОҢЫР
МЕКЕНІ**

3



**АБЫРОЙМЕН
ҚЫЗМЕТ ЕТУ
– ҮЛКЕН
МАҚТАНЫШ**

6



**ҚАСИЕТТІ
ЖӘДІГЕР**

10

ТЫНЫШТЫҚТЫҢ ТІРЕГІ – ҚАРАҚҰМ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Қарақұм» шекара бөлімшесі Шолақай ауылдық округінің іргесін күзететін әскери ұжым. Шекара қызметінің сенімді тірек пункттерінің бірі. Шолақай ауылынан оңтүстікке қарай сазды, құмды және ойпатты жер бедерінде орналасқан бөлімше мал жайылымына қолайлы, табиғи ерекшеліктері ескерілген шекаралық аймақта қызмет атқарады.



Өңірдің тарихы тым тереңде. Шолақай ауылы - ежелгі керуен жолдарының бойында орналасқан, кезіндегі Ұлы Жібек жолының тармақтары өткен, бай табиғаты мен еңбекқор халқымен ерекшеленген жер. Шекаралық маңызы зор болғандықтан, мұнда кеңестік кезеңнен бері әскери құрылымдар тұрақты түрде қызмет етіп келеді.

«Қарақұм» шекара бөлімшесі бір кездері ҚР ҰҚК Шекара қызметінің «Шығыс» өңірлік басқармасының құрамында болды. Тарихында бірнеше буын шекарашылар

ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қажырлы еңбек етті. ҚР ҰҚК Шекара қызметі директоры лауазымына дейін көтерілген полковник Тұрғанбек Стамбеков 1985-1989 жылдары шекара бөлімшесін басқарған. Шекара бөлімшесінде қызмет атқарған уақытында бірнеше рет мемлекеттік шекара бұзушыларды ұстаған. Қызметтік жауынгерлік іс-қимылда жоғары нәтиже көрсетіп, шекара бөлімшесіне елеулі үлес қосқан.

2005 - 2017 жылдары «Қарақұм» шекара бөлімшесі қызметтік және әскери

тәртіпте үздік деп танылып, «Үздік шекара бөлімшесі» атанды. 2022 жылы ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті ұйымдастырған жауынгерлік дайындық бойынша I орынды иеленді. Аталған жетістіктер ұжымның бірлігі мен кәсібилігінің дәлелі.

Бөлімше құрамында түрлі лауазымдардағы өз саласының майталмандары қызмет атқарады. Олардың қатарында бөлімше бастығы капитан Нариман Хайруллаев - әскери білімі жоғары, тәжірибелі басшы. Ол ҚР ҰҚК Академиясының түлегі. Бұған

дейін «Селті», «Жоңғар», «Үйгентас», «Қорғас» бөлімшелерінде түрлі лауазымдарда қызмет атқарған. Оның басшылығымен 2023 жылы «Қорғас» шекара бөлімшесі үздік деп танылып, Шекара қызметі директорының грамотасымен марапатталды.

Оның орынбасары лейтенант Ғалымжан Құрбанбаев. Түркістан облысы Мақтаарал ауданының тумасы. Бокстан да облыстық жарыстардың жүлдегері. ҚР ҰҚК Шекара қызметі академиясын үздік бітірген. Өткен жылғы тамыз айынан бастап «Қарақұм» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары.

Шекара бөлімшесінің 1-мобильдік тобының бастығы - кіші сержант Әлібек Батырхан. Үздік маман. 2020 жылдан бері Шекара қызметінде әскери қызмет атқарып келеді. Еңбекші ауылындағы Е.Сыпатаев мектебінің түлегі. Футбол жарыстарының жүлдегері. 2023 жылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз еткені үшін Панфилов ауданы әкімдігінің марапатын алды. Сол жылы «Үздік мобильдік топ бастығы» атанды.

«Қарақұм» шекара бөлімшесі - тек шекараны күзететін әскери бөлімше ғана емес, ерлік пен тәртіптің, патриоттық рухтың ортасы. Әрбір әскери қызметші өз міндетін абыроймен атқарып, ел тыныштығы үшін күндіз-түні еңбек етуде. Уақыт өткен сайын аталған ұжымның даңқты тарихы жаңа жетістіктермен толықтырылары сөзсіз.

**Журналистер одағының мүшесі подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР». Сурет
шекара бөлімшесінен.**

ШЕКАРАДАҒЫ СЕНІМ МЕН БАҚЫЛАУ

Тау етегіндегі тыныш даланы таңғы шық пен самал баптап оятады. Бірақ бұл маңда бәрі бейқам емес. «Жасөрген» шекара бөлімшесінің сарбаздары күннің алғашқы сәулесімен бірге сапқа тұрып, Отан шекарасының әр қарысын қырағы көзбен шолуға кіріседі. Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы шекараның осы бөлігі – жай ғана сызық емес, мемлекет егемендігінің белгісі, оны күзету – абыройлы да ауыр міндет.



Бұл бөлімшенің ерекшелігі – шекараның бүкіл учаскесі заманауи бейнебақылау камераларымен жабдықталған. Кезекші офицерлер мен бақылаушылар арнайы бөлмеде мониторлар алдында тәулік бойы әр

бағытты қалт жібермей қадағалайды. Камералар түнде де анық көрініс береді, ең алыс соқпақтар мен жасырын өткелдерге дейін бақылауды қамтамасыз етеді. Осындай техникалық артықшылық бөлімшенің қырағылығын арттырып,

шекара қауіпсіздігін жаңа деңгейге көтереді.

Сонымен қатар «Жасөрген» бөлімшесінің сарбаздары жаяу нарядқа шығып, шекара сызығын бойлай жүріп өтеді. Бақылау-із кесу жолақтарын тексереді, күмәнді іздер немесе бұзушылықтар байқалса дереу хабарлап, әрекет етеді. Қыстың қақаған аязы, жаздың аптап ыстығы – оларды тоқтата алмайды. Шекарашының міндеті – ауа райына емес, Отан алдындағы парызына бағыну.

Бөлімшеде қатаң тәртіп пен әскери дайындық – күнделікті өмірдің бөлігі. Таңғы сапқа тұру, қару мен жабдықтарды тексеру, тактикалық жаттығулар – бәрі сарбаздың бойына жауапкершілік пен ұқыптылықты сіңіреді. Офицерлер жас сарбаздарға тәжірибе үйретіп, шекаралық қызметтің қыр-сырын таныстырады. Радиобайланыс үздіксіз жұмыс істейді, ақпарат дер кезінде жеткізіледі.

«Жасөрген» шекара бөлімшесінің бастығы – майор Қасымхан Сихымбаев. Ол бөлімшенің тәртібі мен ұйымшылдығына ерекше мән береді. Майор Қ.Сихымбаевтың басшылығымен ұжым бірлесе жұмыс істеп, шекара күзетінің барлық талаптарын мүлтіксіз орындауға күш салады. Оның талабы мен қамқорлығы сарбаздардың өз ісіне адал, қырағы болуына ықпал етеді.

Осылайша «Жасөрген» шекара бөлімшесі – тек күзет орны ғана емес, бұл – техника мен адам қырағылығы үйлескен сенімді шеп. Мұндағы сарбаздар мен офицерлердің күнделікті еңбегі Қазақстанның оңтүстігіндегі шекараның мызғымас беріктігін қамтамасыз етіп, елдің тыныштығын күзетуде.



**Капитан А. ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР».
Сурет шекара
бөлімшесінен.**

МАЙҚОҢЫР МЕКЕНІ

Майқоңыр тұсында шекара сызығы Ресей Федерациясының Омбы облысымен шектесіп, солтүстікте көршілес Голубовка (Русско-Полян ауданы) және Черлакское (Нововаршав ауданы) елді мекендерімен жалғасады. Ауыл атауы жердің құнарлы топырағына байланысты қойылған. Сондықтан да бұл өңірдің тұрғындары негізінен егіншілікпен айналысады.

Тарих бетіне үңілсек, алғашқы шекара наряды – «Шолғын» 2002 жылдың 2 маусымында жасақталып, таңғы сағат 09:00-ден бастап шекара күзетіне шыққан. Наряд құрамында лейтенант В.Шелял, қатардағы Р.Сатымуратов және К.Аралов болды.

Бөлімше тарихындағы есте қаларлық оқиғалардың бірі – 2007 жылдың 22 сәуірінде орын алған. Сол күні прапорщик С.Әбішев, старшина А.Мұхаметжанов, сержант Ж.Жақұпов және кіші сержант А.Тоқаев қызмет барысында шекараны заңсыз кесіп өтпек болған үш КАМаз жүк көлі-

гін тоқтатып, жалпы құны 219 миллион теңге болатын халық тұтыну тауарларын тәркіледі.

2024 жылдың 6 қыркүйегінен бастап бөлімше бастығының қызметін аға лейтенант Есет Мектепберген атқарып келеді. Оның басшылығымен жеке құрам мемлекеттік шекараны қорғау, шекара тәртібін сақтау, заңсыз әрекеттердің алдын алу бағытында нәтижелі қызмет атқаруда. Өткен жылы 15-ке жуық азамат шекара режимін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылып, шекараны заңсыз кесіп өтпек болған бірнеше әрекет дер кезінде әшкереленді.

2023 жылы бөлімше аумағында арнайы тактикалық полигон салынып, жауынгерлік дайындықты жетілдіруге мүмкіндік жасалды. Бүгінде бөлімше аумағы заманауи бейнебақылау камераларымен жабдықталған.

Жеке құрамның кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында тұрақты түрде жауынгерлік дайындық сабақтары, атыс жаттығулары, далалық машықтанулар өткізіліп тұрады. Спорт са-

Ертіс өңіріндегі кең жазиралы даланың шекарасында орналасқан Павлодар облысы бойынша департаментіне қарасты «Майқоңыр» шекара бөлімшесі ел тыныштығын күзетіп тұрған сенімді тіректердің бірі. 2002 жылы құрылған бұл бөлімше Павлодар облысы Ертіс ауданы Майқоңыр ауылында орналасқан. Ауыл 2006 жылға дейін Кутузово аталған екен.



ласында да жетістіктер жетерлік – 2023 жылы Павлодар облысы бойынша өткізілген футбол чемпионатында «Майқоңыр» шекара бөлімшесі жеңімпаз атанды.

Бүгінде «Майқоңыр» шекара бөлімшесінің әрбір әскери қызметшісі Отан шебін күзетуде жауапкершілікті серік еткен, қырағылық пен ерлікті ту еткен шекарашылар. Мемлекеттің шеткі іргесінде тұрып, тыныштығын күзету зор құрмет әрі қасиетті борыш. Ал «Майқоңыр» ұжымы бұл міндетті абыроймен атқарып келеді.



**Майор
Г.САДЫКОВА,
«ОС-ЧР».**
Сурет шекара
бөлімшесінен.

ЖИЗНЬ ПОДРАЗДЕЛЕНИЙ

ВАЖНОЕ ЗВЕНО В ОБЕСПЕЧЕНИИ БЕЗОПАСНОСТИ

Пограничное отделение «Кенерал» Департамента ПС КНБ по Костанайской области расположено в селе Кенерал Федоровского района. Оно было образовано 10 января 2001 года, и с того момента несет службу на участке государственной границы с Российской Федерацией протяженностью более 100 километров.

Этот участок отличается сложным ландшафтом: местность преимущественно лесистая и болотистая, а более 90 километров границы проходит по руслу реки Уй. Это накладывает дополнительные требования к профессионализму и выносливости личного состава.

Командует отделением капитан Медет Жидақан. Его заместители – старший лейтенант Елдос Турысханов и лейтенант Мирас Казыбаев.

Старшиной отделения является старший сержант Руслан Ансаганов, проходящий службу в Кенерале с 2010 года. За годы службы он задержал множество нарушителей режима государственной границы, внес значительный вклад в подготовку молодого пополнения и активно содействует в воспитательной работе с личным составом.

В текущем году за нарушение государственной границы были задержаны 17 человек, еще 7 граждан – за нарушение пограничного режима. Надежную охрану обеспечивают не только пограничники, но и местные жители, добровольные помощники, а также участники движения «Жас шекарашы». Благодаря тесному взаимодействию с населением, своевременно предотвращаются попытки незаконного пересечения границы.

Кенералское отделение неоднократно доказывало высокий уровень служебной подготовки. В 2020 и 2023 годах оно было признано лучшим пограничным отделением Костанайской области. В прошлом году заняло 5-е место среди всех подразделений области.

Отделение оснащено современными приборами наблюдения, включая тепловизоры и приборы ночного видения типа «Сокол». Ежемесячно по решению начальника отделения проводятся учебно-тренировочные занятия, в которых



также принимают участие представители взаимодействующих органов и члены добровольных формирований.

Совместно с Кенералской средней школой и акиматом поселка Кошарал регулярно проводятся совместные мероприятия. В школе действует военно-патриотический клуб «Жас шекарашы», в которую входят учащиеся 9-10 классов. В сентябре 2023 года на участке отделения прошли районные соревнования среди школ «Border Games – 2023».

Ежегодно здесь проходят Дни открытых дверей, где школьникам демон-

стрируется задержания нарушителей с участием служебных собак, знакомят с жизнью и бытом пограничников.

Морально-психологическое состояние личного состава оценивается как удовлетворительное. Военнослужащие готовы к любым вызовам в рамках охраны государственной границы. Внутри коллектива регулярно проводятся спортивные состязания между мобильными группами по футболу и волейболу, что способствует сплоченности и укреплению командного духа.

Пограничное отделение «Кенерал»

остается важным звеном в обеспечении безопасности границ нашей страны. Здесь служат преданные делу люди, чья ответственность, выучка и самоотдача служат примером для молодежи и гордостью для всей Пограничной службы.



**Старший лейтенант
Н. САКЕН,
«ОС-ЧР».** Фото из
подразделения границы.

ШЕКАРАДАҒЫ МЫЗҒЫМАС КҮЗЕТ

Бөлімшенің жұмысы аса жауапты әрі күрделі. Таң атпай шекара қақпасы ашылып, жүк көліктері мен жеңіл машиналар бірінен соң бірі қаз-қатар тізіледі. Құжат бақылаушылары жүргізушілер мен жолаушылардың төлқұжаттарын мұқият тексереді. Әр мөр, әр визалық белгі маңызды. Шекарадан өту – жай ғана рәсім емес, бұл – мемлекеттің қауіпсіздігіне жасалған қадам.

Құжаттарын тексеріп өткен көліктер арнайы алаңға бағытталады. Мұнда кинологиялық топ іске кіріседі. Қызметтік иттер көліктің ішін, жүк салғышын, жасырын қуыстарын түгел иіскеп шығады. Есірткі, қару, оқ-дәрі немесе басқа да тыйым салынған заттарды табуға машықтанған иттердің қырағылығы – шекара қызметінің сенімді көмекшісі. Кинолог мамандар итпен бірге әр көлікті мұқият қарап, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Жүк тиеген машиналарға ерекше назар аударылады. Бақылаушылар жүргізушінің құжаттары мен жүк тізімдерін салыстырып тексереді. Құжаттағы әр тармақ пен нақты жүкті тізім бойынша ашып қарап шығады. Артық немесе жасырын жүк байқалса – бірден хаттама толтырылып, тиісті шаралар қолданылады. Бұл – контрабанданы болдырмаудың сенімді тәсілі.

Бөлімшеде көлікті тексеруге арналған арнайы алаңдар мен құрал-жабдықтар бар. Айна-құралдармен көліктің асты, қозғалтқыш бөлігі, қос қабырғасы түгел қаралады. Қызметкерлер заңсыз жүк жасырылған күрделі қуыстарды да анықтауға машықтанған. Қырағылық пен тәжірибе – олардың басты қаруы.

Қызмет тәулігіне 24 сағат тоқтамайды. Кезекшіліктер ауысыммен ұйымдастырылып, шекара бекеті үздіксіз жұмыс істейді. Әр нарядқа нақты тапсырма беріледі, офицерлер қызметтің ұйымдасқан тәртібін

ҚР ҰҚК ШҚ Жамбыл облысы бойынша департаменті құрамындағы «Айша бибі» шекаралық бақылау бөлімшесі – Қырғызстанмен шекарадағы маңызды өткізу бөлімшелерінің бірі. Мұнда күн-түн демей сарбаздар мен офицерлер мемлекеттік шекарадан өтетін адамдар мен көліктерді қатаң қадағалап, заңсыз өту әрекеттерінің жолын кеседі.

қатаң бақылайды. Наряд алдында міндеттерді түсіндіріп, нұсқау беріледі. Қызметкердің киім үлгісі, құрал-сайманы түгел тексеріледі. Бұл – тәртіптің белгісі.

Қызмет барысында түрлі жағдайлар кездеседі. Құжатсыз өтпек болғандар, жалған құжат көрсеткендер немесе жүк құрамын жасыратындар да табылады. Мұндай кезде шекарашылар заң талаптарын түсіндіріп, хаттама толтырып, мәселені заң шеңберінде шешеді. Әңгімелесу, түсіндіру жұмысы да – олардың маңызды міндеті.

Бөлімшенің бастығы – майор Иманкулов Ерасыл Солтанбекұлы. Ол бөлімшенің жұмысын жоғары деңгейде ұйымдастырып, тәртіп пен жауапкершілікті қатаң қадағалайды. Қызметкерлердің кәсібилігіне, құжат бақылаушыларының мұқияттығына, кинологиялық топтардың дайындық деңгейіне ерекше көңіл бөледі.

ҚР ҰҚК ШҚ Жамбыл облысы бойынша департаментінің «Айша бибі» шекаралық бақылау бөлімшесі – тек өткел емес, бұл – мемлекеттің оңтүстік қақпасын қорғап тұрған сенімді қорғаныс. Шекарашы сарбаздар мен офицерлердің қырағылығы мен адалдығы арқасында еліміздің шекарасы мызғымас күзетте тұр.

Капитан А. ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР». Сурет шекаралық бақылау бөлімшесінен.



ӘРБІР ҚЫЗМЕТКЕР ӨЗ ОРНЫН НАҚТЫ БІЛЕДІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті «Семей» шекара басқармасына қарасты «Семей» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесі — Қазақстан Республикасының әуе шекарасын қырағылықпен күзетіп отырған маңызды құрылым. Бұл бөлімше 1995 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен құрылып, бүгінгі күні халықаралық талаптарға сай қызмет атқарып келеді. Семей әуежайының географиялық тұрғыдан ыңғайлы орналасуы, шекаралық бақылау жүйесін дамыту қажеттілігіне себеп болды. Содан бері бөлімшенің атауы мен бағыныстылығы өзгерген жоқ.

Семей әуежайындағы шекаралық бақылау жүйесінің қалыптасу кезеңдері бірнеше тарихи және әкімшілік белестерден өтті. Кеңес Одағы тұсында әскери мақсатқа бейімделген әуежай, тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа мемлекеттік құрылым талаптарына бейімделді. 2000–2020 жылдары әуежай халықаралық мәртебеге ие болып, жаңа инфрақұрылыммен дамытылды. 2020 жылдан бастап қайта жаңғырту жұмыстары басталып, жаңа терминал құрылысы мен шекаралық бақылаудың заманауи жүйелері енгізілуде. Бұл шекаралық бақылау жүйелері паспорттық, кедендік және қауіпсіздік тексерулерінен бастап, биометриялық және электрондық сәйкестендіруге дейінгі қызметтерді қамтиды.

Бөлімшенің міндеттері — мемлекеттік шекараны қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адамдар мен жүктердің заңды түрде өтуін үйлестіру. Сонымен қатар жеке құрамды оқыту мен тәрбиелеу, өзге мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу де күн тәртібінен түспейді. Паспорттық бақылау, кедендік тексеру, авиациялық қауіпсіздік шаралары, көші-қон талаптары мен санитарлық бақылаулар – барлығы заңдылық пен қоғамдық тәртіпті сақтау үшін кешенді түрде іске асырылады.

Жолаушылардың шекарадан өту процесі нақты тәртіппен жүргізіледі. Ұшып келу бағыты бойынша: ұшақтан түсу, транзит дәлізі арқылы өту, паспорттық және кедендік бақылау, көші-қон талаптарын рәсімдеу сынды кезеңдерден өтеді. Ұшып кету кезінде де тіркеу, қауіпсіздік тексерісі, құжаттарды шекаралық бақылаудан өткізу және қажет болған жағдайда кедендік декларациялау жүзеге асырылады. Бұл рәсімдер халықаралық талаптарға толық сәйкес келеді.



Бөлімшеде «Бүркіт-2» ақпараттық жүйесінің заманауи нұсқасы орнатылып, биометриялық сәйкестендіру, құжаттың түпнұсқалығын анықтау, фотосуретпен сәйкестендіру сынды мүмкіндіктер арқылы жолаушыларды дәл әрі жедел тексеру жүзеге асуда. Цифрландыру шекара қызметінің тиімділігін арттырып, адам факторына тәуелділікті азайтуға көмектесуде.

Халықаралық шекаралық бақылау бөлімшесінің қызметкерлері – көп салалы дайындықтан өткен кәсіби мамандар. Олар арнайы техникалық курстар, тілдік даярлық, психологиялық дайындық және ҰҚК Шекара академиясында оқудан өтеді. Бұл салада қызмет ету тек кәсіби білімді ғана емес, үлкен жауапкершілікті, адами

қасиеттер мен моральдық тұрақтылықты да талап етеді.

Күн сайын жүздеген жолаушыны қарсы алып, құжаттарын мұқият тексеру – шекарашы үшін әдеттегі жұмыс. Қауіп-қатер әр сәтте туындауы мүмкін. Сондықтан шекарашының әр әрекеті, әр шешімі үлкен жауапкершілікпен қабылданады. Бұл мамандықтың салмағын көтеру үшін ішкі тәртіп, темірдей талап және командалық үйлесімділік қажет. Қызметкерлер бір-біріне сеніп, бір мақсат жолында жұмыла еңбек етуде.

«Семей» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесі халықаралық ұйымдармен, басқа елдердің шекара қызметімен тәжірибе алмасуға да бел-

сене қатысады. Бұл тәжірибе – шекара қауіпсіздігін күшейтумен қатар, Қазақстанның халықаралық беделін нығайта түсетін маңызды тетік. Әріптестік шеңберінде үздік үлгілер мен жаңа технологиялар тәжірибеге енгізілуде.

Бөлімшеде бірқатар жаңашыл жобалар іске асырылуда. Мәселен, QR-код арқылы тіркеу, автоматты анықтау модульдері, электрондық кезек жүйесі – барлығы қызметті жедел әрі тиімді атқаруға бағытталған. Бұл өзгерістер мемлекеттік қызмет сапасын арттыруда маңызды рөл атқаруда.

Ұжымдағы сенім, бірлік пен ұйымшылдық – (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесінің басты күші. Әрбір қызметкер өз орнын нақты біледі және ортақ мақсатқа жұмыла әрекет етеді. Шекара қызметі – топпен үйлесімді жұмыс істейтін орта. Осы тұтастық бөлімшенің жетістігінің кепілі болып табылады.

Соңғы жылдары бөлімше халықаралық стандарттарға толық сәйкес келетін деңгейге жетті. Бұл – ұзақ жылғы еңбек пен кәсіби дамудың нәтижесі. Семей әуежайынан тұрақты халықаралық рейстердің ашылуы бөлімшенің жауапкершілігін одан әрі арттыра түспек. Бүгінгі күннің шекарашысы – заман талабына сай, білімді, тәжірибелі, табанды әрі Отанға адал қызметкер. «Семей» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесі – осындай азаматтар мен азаматшалардың берік қамалына айналған.



Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР». Сурет басқармадан.

СТРОГАЯ ДИСЦИПЛИНА И СПЛОЧЕННОСТЬ КОЛЛЕКТИВА



Отделение пограничного контроля «Кызыл Жар» (автомобильное), возглавляемое майором Досханом Алиповым, расположено на трассе «Петропавловск-Тюмень», связывающей Казахстан и Россию, и выполняет одну из самых ответственных задач – обеспечение безопасности и законности на государственной границе Казахстана.

Ежедневно в пункте пропуска «Кызыл Жар» (автомобильное) через Государственную границу проходят тысячи граждан и сотни транспортных средств. Отделение пограничного контроля выполняет множество задач, среди которых – проверка документов, досмотр транспортных средств и грузов, а также борьба с контрабандой и незаконной миграцией.

Служба в отделении требует не только строгого соблюдения установленного законодательства, но и умения быстро реагировать на возникающие угрозы.

Так, например, 27 сентября прошлого года рядовой О. Кайроллаев, несший службу в пограничном наряде, смог остановить несущуюся автомашину, у которой отказала тормозная система. Помимо водителя в машине находились 5 пассажиров, в том числе ребенок. Благодаря профессионализму военнослужащего удалось предотвратить трагедию.

В текущем году в пункте пропуска «Кызыл Жар» было зафиксировано 55 случаев задержания иностранных граждан, нарушивших правила пребывания на территории Казахстана, в результате чего в казну государства было выплачено более 2,1 млн тенге. Кроме того, благодаря постоянной бдительности личного состава были выявлены 6 человек с двойным гражданством.

Не менее важной задачей, стоящей перед военнослужащими пограничного контроля, является пресечение попыток незаконного перемещения оружия, боеприпасов и других запрещенных предметов через границу. Военнослужащими было пресечено три случая попытки провоза боеприпасов. Последний факт был зафиксирован 29 июня, когда в ходе проведения досмотра багажника автомобиля, следовавшего из Республики Казахстан, ефрейтор Куаныш

Абдрахманов обнаружил 10 охотничьих патронов 12 калибра и патрон 7,62 мм. Кроме того, военнослужащими успешно предотвращены 60 попыток контрабанды горюче-смазочных материалов и выявлен факт несоответствия VIN-кода транспортного средства.

Также военнослужащие пункта пропуска активно участвуют в мероприятиях, направленных на сохранение исторической памяти, уважение к подвигам героев и поддержание моральных ориентиров в обществе. Одним из значимых мероприятий является регулярное посещение Музея героя Советского Союза подполковника В. Ухабова, где пограничники отдают дань памяти героям, погибшим в Афганистане, а также участвуют в торжественных церемониях возложения венков к мемориалу Победы в селе Соколовка.

Каждый военнослужащий отделения пограничного контроля несет персональную ответственность за безопасность государства, и это требует от них высокого уровня подготовки.

Отделение пограничного контроля «Кызыл Жар» (автомобильное) – это не просто место, где проверяют документы и пропускают граждан. Это стратегически важный объект, на котором работает высококлассный персонал, готовый к любым вызовам. Слаженная работа, высокая профессиональная подготовка и активное участие в общественной жизни делают пункт пропуска, расположенный на трассе республиканского значения, важным звеном в системе защиты границы Казахстана.



**Майор
Д. УТЕБАЕВА,
«ОС-ЧР». Фото
из подразделения
границы.**

ЕРЛІК ПЕН ТАБАНДЫЛЫҚ НАҚТЫ СЫНАЛАТЫН АЛАҢ

Еліміздің тұтастығын сақтап, тыныштығын күзетуде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі айрықша стратегиялық рөл атқарады. Бұл қызмет – мемлекеттің шекарасын қорғайтын ғана емес, сонымен бірге елдік, егемендік, бірліктің берік қамалы. Осындай биік міндетті адал атқарып келе жатқан құрылымдардың бірі – Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты «Жайсан» теміржол шекаралық бақылау бөлімі.

Аталған бөлім 2002 жылдан бері Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының шекарасын сенімді күзетіп келеді. Уақыттың түрлі сынақтарынан сүрінбей өтіп, темірдей тәртіп пен рухани беріктікке сүйенген бұл ұжым – кәсібиліктің эталонына айналған. Шекара желісінің бұл бөлігі Ақтөбе облысының Мартөк ауданы аумағында орналасқан. Аймақтың табиғаты күрделі, жер бедері мен ауа райы алуан түрлі, кейде шекарашылар үшін қиындық туғызса, кейде шыңдалу мен рухтану көзіне айналады. Әрбір шекарашы үшін бұл өңір – ерлік пен табандылықтың нақты сыналатын алаңы десек, артық айтқандық емес.

«Жайсан» шекаралық бақылау бөлімі заманауи талаптарға сай жабдықталған. Арсеналында қару-жарақ сақтау қоймасы, жаттығу алаңдары, инженерлік бөгеттер, жылжымалы бақылау кешендері мен заманауи байланыс құралдары бар. Мұның барлығы мемлекеттік шекараны сенімді әрі тиімді қорғауға бағытталған. Жеке құрам толық жасақталған және әрбір әскери қызметші сертіне адал, антына берік. Олар үшін Отан – баға жетпес қастерлі ұғым.

Күнделікті шекара қызметі – көзге көрінбейтін, бірақ аса маңызды міндеттер жиынтығы. Әскери қызметшілер күн-түн демей, ауа райына қарамастан, жаяу да, атты да, көлікпен де шекара бойын мұқият күзетеді. Заңсыз көші-қонмен күрес, контрабандалық әрекеттерді әшкерелеу, өткізу пунктінің тәртібін сақтау – барлығы қажыр мен қайратты, төзімділік пен тәртіпті талап ететін жұмыс. Әрбір жауынгер өз ісінің шебері болуы тиіс, сол үшін теориялық білім мен



практикалық машық үздіксіз жетілдіріліп отырады.

«Жайсан» бөлімінің қызметі шекара күзетімен шектелмейді. Әскери бөлімнің қызметкерлері азаматтық қоғаммен етене байланыс орнатып, жергілікті халықпен тығыз қарым-қатынас жасайды. Мектептерде әскери-патриоттық бағыттағы ашық сабақтар мен кездесулер ұйымдастырылып, жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік, елжандылық қасиеттер дарытылуда. Сонымен қатар, қайырымдылық шаралары, ашық есік күндері, бірлескен рейдтер мен қоғамдық іс-шаралар арқылы бөлім шекара мен қоғам арасындағы алтын көпірге айналып отыр.

Теміржол шекара бекеті күн сайын 1000-нан астам жолаушыны қабылдап, олардың құжаттарын мұқият тексереді. Әр жолаушының мінез-құлқы, келбеті, тіпті

сөйлеу мәнері әртүрлі болғандықтан, бұл қызметті атқару аса жоғары кәсіби даярлықты қажет етеді. Құжат тексерісі кезінде кездесетін кедергілер мен қиындықтар – шекарашылардың төзімі мен қырағылығын талап ететін күрделі қызмет.

Бөлім тізгінін ұстаған подполковник Думан Туленович Касенов пен оның орынбасары майор Еламан Жақсылықұлы – өз саласының нағыз кәсіби мамандары. Олардың басшылығымен ұжымда тәртіп пен жауапкершілік, ұйымшылдық пен талапшылдық принциптері үстемдік құрған. Сонымен қатар, 2023 жылғы Шекара академиясының түлегі аға лейтенант Никита Андреевич Попов та өз тәжірибесімен бөлісіп, жас әскери қызметшілердің кәсіби дамуына сүбелі үлесін қосуда. Бұл офицерлер – шын мәнінде, шекара қызметінің болашағына үмітпен қарайтын, адал еңбек иелері.

2024–2025 жылдар аралығында бөлім тарапынан 245 жедел тапсырма орындалып, көші-қон саласында 56 құқық бұзушылық дерегі әшкереленді. Сонымен қатар, қос азаматтыққа қатысты 2, есірткі тасымалына қатысты 1, контрабандалық бұйым (электрошокер) бойынша 2 дерек тіркелді. 33 адам өткізу режимін бұзса, мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өту бойынша 1 дерек тіркелді. Бұл – бөлімнің кәсіби шеберлігі мен қырағылығының нақты дәлелі.

Жастармен жүргізілетін әскери-патриоттық тәрбиелік жұмыстар да бөлімнің басты бағыттарының бірі. Мектеп оқушылары мен колледж студенттері үшін ұйымдастырылатын танымдық экскурсиялар, әскери техникамен таныстыру, әскери өмірдің тынысымен етене танысу – олардың санасына Отанға деген махаббатты ерте бастан сіңіреді.

«Мемлекет шекарадан басталады» деген халық даналығы – «Жайсан» теміржол шекаралық бақылау бөлімінің басты ұраны ғана емес, олардың күнделікті қызметінің мазмұнына айналған. Бұл бөлім – шекараны күзететін қарапайым құрылым ғана емес, бұл – елдің тәуелсіздігін күзететін қалқан, ерліктің символы, патриотизмнің темірқазығы.



**Аға лейтенант
Ж. ШАРМАЕВ.
«ОС-ЧР». Суретті
түсірген автор.**

ҚЫРАҒЫ КӨЗДЕР МЕН СЕРГЕК САНА

Мемлекеттік шекара – бұл жай ғана сызық емес. Бұл – сенім мен жауапкершілік, қауіпсіздік пен адам тағдыры тоғысатын қасиетті шеп. Әр күн, әр минут сол шепте тұрып жатқан жауынгерлер үшін – үлкен сынақ. Кейде ол сынақ тек қауіпсіздікпен емес, адам өмірімен байланысты болады...

2003 жылдан бері қызмет етіп келе жатқан «Тасқала» өткізу пункті – еліміздің батыс қақпасы іспетті. Халықаралық мәртебесі бар, тәулігіне 24 сағат бойы жұмыс істейтін бұл бекет – Қазақстан Республикасы Орал қаласы мен Ресей Федерациясының Саратов қаласын жалғайтын маңызды көлік дәлізінде орналасқан.

Жер бедері – орташа, жазда – қолайлы, бірақ көктем мен күзде тек жол талғамайтын көліктерге ғана ашық. Бұл өңірдің табиғаты да, қызметі де жеңіл емес. Шекара сызығы инженерлік қорғаныс жүйелерімен жабдықталған, ал оның бойында әрқашан қырағы көздер мен сергек сана иелері – шекарашылар тұр.

«Тасқала – үздіктер мекені» десек, артық айтпаған болар едік. Соңғы жылдарда қатарынан үш рет бұл бөлімше аймақ бойынша ең үздік деп танылды. Бұл – кездейсоқтық емес, бұл – күн сайын атқарылатын тыным-

сыз еңбектің, үздіксіз дайындық пен шексіз жауапкершіліктің жемісі. 2025 жылы осы бөлімшенің бір қызметкері «Жылдың үздік бақылаушысы» атанып, әріптестерінің мәртебесін асқақтата түсті.

Бірақ бұл шекарашылар тек кәсіби шеберлігімен ғана ерекшеленбейді. Олар – ең алдымен адам. Жүрегінде мейірім, қолында көмек, бойында сертке деген адалдық бар азаматтар.

2025 жылдың жаз айында Тасқала өткізу пунктінде әдеттегідей жұмыс күні басталған. Құжат тексеру, көліктер легі, жүйелі тәртіп. Алайда бір сәтте тыныштықты тосын жағдай бұзды – шекаралық бақылаудан өтіп жатқан азамат кенеттен есінен танып, жерге құлап түсті.

Жанындағы адамдар сасқалақтап қалғанда, шекарашылар сәтке де кідірмеді. Кезекші ауысым бірден әрекетке көшті. Әскери қызметкершілер ер адамның эпилепсиялық

ұстамаға шалдыққанын бірден түсініп, жедел жәрдем шақырумен қатар, алғашқы медициналық көмек көрсетті.

Оның тыныс алуы қиындап, тілі артқа кетіп, тұншығу қаупі туындаған. Сол сәтте шекарашылар тыныс жолдарын ашып, өмір мен өлім арасындағы жіпті үздірмеді. Азаматтың жағдайы тұрақталып, жедел жәрдем келгенше оның өмірі аман сақталып қалды.

Бұл – жай ғана оқиға емес. Бұл – шекарашылардың жанқиярлығын, кәсібилігін және адам өміріне деген шынайы қамқорлығын айқындайтын нақты көрініс.

Себебі олар үшін әр құжат – жай қағаз емес, әр жолаушы – тексерілуге тиіс тұлға ғана емес. Олар үшін ең маңыздысы – адам өмірі.

**Аға лейтенант
А. КӨЛБАЙ, «OS-ЧР».**
**Сурет шекаралық
бақылау бөлімшесінен.**



«МЕН ӘКЕМНІҢ АРМАНЫН ОРЫНДАДЫМ!..»

Жақында Шекара қызметінің қатары тағы бір лейтенантпен толықты. Тек, ол ҰҚК Шекара академиясының еліміздегі, шетелдегі әскери жоғары оқу ордаларының бірін бітірген жоқ. Тағы бір айырмашылығы, біздің кейіпкеріміз ер-азаматтардың бірі де емес. Әскери қыз-келіншектердің қатарынан суырылып шығып, иығына офицердің алғашқы қос жұлдызын қадаған «Томирис»...



Бұл – ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің офицері лейтенант Махаббат Боранғазиева. Елордамыз Астана қаласында туып-өсіпті. Көңілі қалаған жоғары білім ошағын бітіріпті.

Ал әскери қызметші атанғаны... Бұл туралы Махаббат Мадатқызы былай дейді: – Бұл өзі ойламаған жерден болды. Оқуымды бітіріп, мамандығым бойынша бір мекемеге жұмысқа қабылданғаным бірнеше ай болған. Бірақ, байқаймын, менің жаңа ұжымым көңілімнен шығар емес. Қысқасы, «менікі» емес. Осындай күндердің бірінде әкем маған әскери қызметке баруды ұсынды. Шекара қызметінің Орталық аппаратына. Білесіз бе, өз-өзімді таңғалдырып, бірден келістім де, алдымен әкем айтқан мекенжайға барып, өңгімелесуден өткен соң құжаттарымды дайындауға кірісіп кеттім. Бақсам, мұның өзі де анау айтқандай оңай шаруа болмай шықты. Бірақ, барлық өткелден өткенше тоқтаған жоқпын. Өйткені, мұны мен ең алдымен әкем үшін жасадым. Әкемнің бала кезінен бергі арманын орындау үшін.

– Әкеңіздің?..

– Иә, әкемнің арманы әскери болу екен.

Алайда, отбасы жағдайымен ол өзінің бұл арманын іске асыра алмапты. Есесіне, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеген. Бала кезімен осыны біліп өскендіктен де болар, мен осындай мүмкіндік туғанда тартынып қалған жоқпын. Әкем үшін!..

Осылайша, 2009 жылы Шекара қызметі Орталық аппаратының сол кездегі күзетпен қамтамасыз ету комендатурасына алынған кезінде қыздың өсіресе әкесінің қуанышында шек болмағаны өз-өзінен белгілі.

– Әкемнің тәртіптілігінде шек жоқ. Мысалы, оқу дабылы көтерілсе болды, менен емес, әкемнен тағат кетеді дей беріңіз, – деп күледі Махаббат. Әскеридің барлық асай-мүсейі салынған қапшығын бірге дайында-сып, жолға шығарып салғанша тынбайды. Әкемнің әскери мамандыққа деген терең сүйіспеншілігі маған көп нәрсе үйретті. Көп ұзамай, мен де өзімді әскери өмірсіз елестете алмайтын күйге жеттім.

Осылай деп ағынан жарылған шекарашы қыз өзінің бақытын осы жерден тапты. Жолдасы Альнұр да шекарашы. Бүгінде Аружан, Адиля, Аиша, Айым есімді қыздардың ата-анасы.

2018 жылдың қыркүйегінде жанұялық жағдаймен Алматыға ауыстырылған Махаббат өзінің қызметін қазіргі «Алматы» қамтамасыз ету басқармасында жалғастырды. Араға үш жыл салып, департаменттің қаржылық қамтамасыз ету бөлімінде жұмыс істеуге кіріскен біздің кейіпкерге жақында ҰҚК Төрағасының бұйрығымен «лейтенант» шені берілді. Махаббат үшін тарихи сәттен бірде кем емес осынау сәтті суретке түсірумен шектелмей, «су жаңа» офицер туралы қалам тартуды мақсат тұттық. Өйткені, ол мұндай дәрежеге өзінің еңбекқорлығы мен табандылығының арқасында ғана жеткен жоқ. Махаббат Мадатқызы әкесінің арманын орындады!

– Айтқыңызшы, әкеңіз сіздің лейтенант атанғаныңызды қалай қабылдады?, – деп сұрадық лейтенант М.Боранғазиевадан.

– Трубканың арғы жағында тұрған әкемнің дауысынан қатты толқығанын түсіндім, – деді офицер жай ғана...

**Әскери журналист
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».**
Суретті түсірген автор.

АБЫРОЙМЕН ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ҮЛКЕН МАҚТАНЫШ

Шекара қызметі – бұл нағыз ерлік пен жауапкершілік мектебі. Мұнда жас жігіттер Отанды қорғауға әрдайым дайын, нағыз азамат болып қалыптасады.

– Мен үшін ең басты қағида – абыроймен, намыспен қызмет ету, теңіз шекарашысының атағын мақтанышпен алып жүру, – деген сөздермен басталады, менің танысуым ҚР ҰҚК Шекара қызметі Маңғыстау облысы бойынша департаменті жағалау күзету екінші дивизионының «Семсер» шекара күзет кемесінің санитарлық нұсқаушысы мерзімді қызметтің матросы Ерсұлтан Сейлихановпен.

Ерсұлтан Каспий теңізінің жағалауында орналасқан Ақтау портты қаласының тумасы. Сондықтан да бала кезінен теңізші болуды армандауы таңқаларлық емес. Маңғыстау энергетика колледжін «автомеханик» мамандығы бойынша бітірген соң, ол көптен бергі арманын орындап, жауынгерлік кемеді әскери қызмет етуді шешкен.

Әскери қызметінің алғашқы күндерінен-ақ, Ерсұлтан өзін ашық мінезді, белсенді әрі алдына мақсат қоя білетін сарбаз ретінде көрсетті. Оның ойынша, әрбір жас жігіт әскери қызмет мектебінен өтуі тиіс. Бұл – мінезді шыңдайтын тәртіпке баулитын, жауапкершілікке үйрететін, тек өзін ғана емес, жақындарын, туған жерің, бүкіл елін қорғауға дайын ететін өмірлік тәжірибе.

– Мен өзімді шекара қызметінде нағыз қажет адам ретінде сезінемін. Жауынгерлік кемеді қызмет ету дегеніміз Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының мызғымастығы үшін үлкен жауапкершілікті арқалау. Оқу орталығынан кейін бізді шекара күзет кемелері мен катерлеріне бөлді, қазір сонда теңіз шекарасын қорғау бойынша жауынгерлік міндеттерді атқарып жатырмыз, – дейді Ерсұлтан.

Жарты жыл ішінде Ерсұлтан теңіз шекарашысына қажетті барлық машықтарды меңгеріп, көптеген жаңа білім алып, ұжымда жұмыс істеуді, күрделі жағдайда дұрыс шешім қабылдауды, төтенше жағдайларда сауатты әрекет етуді үйренді.



Санитарлық нұсқаушы ретінде оның негізгі міндеті – экипаж мүшелерінің денсаулығын бақылау, алғашқы медициналық көмек көрсету, санитарлық-гигиеналық шараларды қамтамасыз ету. Ерсұлтан арнайы дайындықтан өтіп, өзіне жүктелген міндеттерді сенімді түрде атқарып жүр.

– Кемеді қызмет ету жауапкершілігі мол әрі оңай емес іс, бірақ бұл қызметтің өзіне тән ерекшелігі, заманауи құрал-жабдықтарда жұмыс істеу мүмкіндігі және ең бастысы – еліміздің теңіз шекарасын қорғау сияқты маңызды іске өз үлесінді қосатындығы сезіну, – дейді ол.

Мерзімді қызмет аяқталған соң Ерсұлтан теңіз шекара әскері қатарында қалып, көлімшарт бойынша әскери қызметін жалғастыруды жоспарлап отыр.

– Арманым орындалды, мен - теңізші атандым. Енді осы саламен өмірімді байланыстырып, әрі қарай да теңіз шекарасын қорғағым келеді, – дейді Ерсұлтан Сейлиханов.



**Журналистер одағының мүшесі
капитан
А. ЖАНАЛИПОВ,
«OS-ЧР». Суретті түсірген автор.**

ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР КЕЛЕШЕККЕ АМАНАТ

Жақында Астана қаласындағы Президент Архивінің жаңа ғимаратында жас архившілердің VIII Халықаралық жазғы мектебі өз жұмысын бастады. ҰҚК Шекара қызметі МҚК басқармасының бастығы полковник Ж.Атабаев пен бөлім бастығы подполковник А.Сапаров қатысқан шарада ұлттық цифрлық мұрағаттың қазіргі жағдайы сараланды.

Осыған орай, жазғы мектеп 100-ден аса отандық және шетелдік мамандардың басын қосты. Сонымен қатар, еліміздегі шоқтығы биік жоғары оқу орындарының бірі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің қабырғасында «Архивтану және құжаттану» мамандығы бойынша білім алып жүрген студенттер де бар. Лайықты бағасын беру керек, Президент Архиві жас архившілердің біліктілігін арттыруға бағытталған бұл халықаралық білім беру жобасын Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті және әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетімен бірлесе жүзеге асырып келеді.

10-13 маусым аралығында өткен дүбірлі жиында мінберге шығып, баяндама жа-

Биыл қабырғасының қаланғанына 33 жыл толатын ҰҚК Шекара қызметінің мұрағат бөлімі бар. Мұнда жылдар бойы жиналған құнды деректер мен құжаттардың дұрыс сақталуына жауап беретін тұлғалар жұмыс істейді. Сондықтан, елімізде өтіп тұратын республикалық, халықаралық деңгейдегі түрлі форумдардың берері мол.



саған жетекші ғалымдар, архив қызметінің басшылары мен сарапшылар құжаттық мұраны сақтаудың өзекті мәселелерін ортаға салып, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Бұл архивтерді дамытудың инновациялық идеяларын қалыптастыруға ықпал етеді.

- Айту керек, мұндай жиынның біз үшін маңызы өте зор. Отандық және шетелдік

архивтердің білікті мамандары мен қызметкерлерімен кездесіп, танысып, бір-бірімізбен тәжірибе алмасуға мүмкіндік алдық. Қазақстан Президентінің Жарлығымен 1992 жылдың 18 тамызында құрылған ҰҚК Шекара қызметінің архивін заманауи тұрғыдан жетілдіру бойынша құнды пікірлер алдық, - дейді басқарма бастығы полковник Жандос Атабаев бізбен сұхбатында. Мұнда біз жазғы мектептің бағдарламасы бойынша лекциялар, интерактивті сессиялар, тренингтер мен практикалық сабақтарға, тренинг, практикалық сабақтар мен шеберлік сыныптарына қатыстық. «Astana Hub» технопаркіне экскурсия ұйымдастырылды.

Осылайша, жас архившілердің жазғы мектебінің «Архивтердің цифрлық трансформациялануы және деректік мұраны сақтау» тақырыбында өткен форумы бүгінгі архив жұмысының шарттары түбегейлі өзгергенін көрсетеді.

**Лейтенант А. ҚЫРҒЫЗБАЕВ,
«OS-CP», Суретпен ҰҚК ШҚ
мұрағат бөлімі қамтамасыз етті.**

САЙЫС

ДАРЫНДАР БАС ҚОСҚАН ДАРА ЖИЫН

Өткен аптада «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиыны Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Сарыжар елдімекеніндегі Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Т.Бигелдинов атындағы Әуе Қорғаныс күштері әскери институтының полигонында өтіп, өз мәресіне жетті. Оған Қазақстанның әр аймағынан және Әзербайжан, Беларусь, Ресей Федерациясы, Өзбекстан мен Қырғызстаннан 800-ден астам қыздар мен жігіттер қатысты. Олардың арасында ҰҚК Шекара қызметінің атынан «Жас шекарашы» командасы да бар.



Біз Алматы облысы бойынша департаменті үкілеп жіберген команданы Ақтөбенің әуежайынан қазақ халқының ежелден жалғасқан салт-дәстүріне сай, бауырсақ, қымыз, құртпен күтіп алып, жас патриоттармен бірге полигонға жеттік. Осымен 11-ші рет өткізіліп отырған жиын Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына арналып отыр.

Байқаймыз, біздің шекарашылардың намысын қорғауға тас-түйін бекінген командаға тек мықтылар ғана іріктелген сыңайлы. Әсіресе домбыра асынып, автоматты садақ пен жебеге алмастырған жігіттер еріксіз тәнті өткен... Капитан

Лейла Перматованың бойында қазақтың құралайды көзге атқан мерген қызы Әлияның қайсарлығы есіледі. Осыған қарап-ақ, біздің команда намысты қолдан бермейтінін бағамдадық.

Оларды алда «Айбын дарыны» зияткерлік сайысы, «Smart Sarbaz» технологиялық жобалар байқауы, «Айбын жұлдызы» шығармашылық конкурсы, пневматикалық мылтықпен ату, автомат бөлшектеу және жинау, әскери-тактикалық ойындар мен спорттық жарыстар бойынша түрлі сайыстар күтіп тұр.

Еліміздің жас патриоттарын қанаттандырған бұл

жиынның тағы бір ерекшелігі, шараға Мемлекет басшысы, Қазақстан Қарулы күштерінің Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, жастарға үлкен сенім артқан.

Бұл жиында «Жас шекарашы» командасы әсіресе «Айбын дарыны» зияткерлік сайысында ерекше көзге түсіп, бірінші орынды жеңіп алды. Қалған сайыстарда да мықтылық танытқандарын көріп, қуандық. Жалпы, бұл жиын эмоцияға толы болды. Әсіресе, тауға өрмелеп, тастан-тасқа секірудің хас шеберіне айналып, өздері секілді әскери-патриоттық клубтардың мүшелерін де тау дайындығына үйретуден жалықпайтын біздің команданы осы жиында осалдық танытты деп ешкім айта алмайтын еді. Өйткені, алғашқы ондықтан көріну үшін шашаларына шаң жұқтырмағандарын Қытай елінен келген бақылаушылар да, ойынға төрелік жасаған әділқазылар да көрді. Шығармашылық қабілеттері мен таланттары да көпшіліктің көзайымына айналған.

... О с ы л а й ш а , Ә л и я Молдағұлованың туған жерінде өткен жиында жеңістің дәмін татып қана қоймай, республиканың түкпір-түкпірінен достар тапқан біздің команданы сенбі күні Алматыға қимай шығарып салдық. Ал ол жақта

қыздар мен жігіттерді Алматы облысы бойынша департаментінің ұжымы тағатсыздана күтіп тұр. Менің әріптесім, байырғы журналист Тамара Дәулетбаева өзінің иығынан тастамайтын фотоаппараты мен қалам-қағазын сайлап тұрғанын білемін. Ал біз Алматы жастарына сүйсініп, департамент қабырғасында жасақталған клубта әскери-патриоттық тәрбиенің жоғары деңгейде екеніне тағы бір көз жеткіздік.

**Аға лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ, «OS-CP».
Суретті түсірген автор.**

ШЫНАЙЫ ҚЫЗМЕТ

Еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған Шекара қызметі – аса жауапты әрі абыройлы сала. Бұл қызметті адалдықпен, табандылықпен атқарып жүрген нәзік жанды шекарашылар аз емес.

Солардың бірі – Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне қарасты Зайсан ауданы шекара басқармасының құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің жауапты орындаушысы кіші сержант Динара Оразбайқызы Иманбаева.

1984 жылы Зайсан қаласында дүниеге келген Динара Оразбайқызы М. Ломоносов атындағы орта мектептің 2001 жылғы түлегі. Мектепті аяқтағаннан кейін Өскемен қаласындағы Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінде жер кадастры мамандығы бойынша жоғары білім алып шығады. Сонымен қатар ҚАЕУ-дың экономика факультетінде бітіріп, қос мамандық иесі атанады. Еңбек жолын туған жеріндегі Зайсан аудандық жер қатынастары бөлімінде бастаған ол кейін «Қазақтелеком» акционерлік қоғамында ШҚО бойынша Зайсан мен Шемонайха аудандарында жобалаушы қызметін атқарған. Қай салада қызмет етсе де, жауапкершілігі мен кәсібилігі арқылы әріптестері арасында құрметке ие болды.

Шекаралық аймақта тұрып, шекара қызметінің маңыздылығын жақсы түсінген Динараның бұл салаға деген қызығушылығы уақыт өте келе мақсатқа айналды. Сөйтіп, 2010 жылдан бастап әскери қызметке қабылданып, бүгінге дейін шекара басқармасында табанды еңбек етіп келеді. Өз қызметінде тиянақтылығы мен нақтылығын, ұқыптылығы мен жауапкершілігін жоғары қоя білетін ол басқармадағы маңызды құжат айналымы, құжаттардың дер кезінде орындалуы және қабылдау-жіберу үдерісінде ерекше тұрақтылық танытып жүр. Қызмет барысында құпия құжаттармен жұмыс істеу, келісімшарт негізіндегі әскери қызметке үміткерлерді зерделеу және олардың орналасуына көмектесу секілді жауапты міндеттерді мінсіз атқарып келеді.

2024 жылдың қорытындысы бойынша Динара Оразбайқызы тәрбие жұмыстарына белсене қатысып, басқарманың ішкі тәртібін нығайтуға, кадрлық толықтыру мәселесіне сүбелі үлес қосты. Ол кәсіби біліктілігі мен қызметке деген адалдығы үшін бірнеше мәрте марапатқа ие болған. Атап айтқанда, 2021 жылы ҚР ҰҚК Төрағасының II дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» төсбелгісімен,



2022-2023 жылдары департамент бастығының грамоталары және алғыс хаттарымен, 2024 жылы ҚР ҰҚК Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының алғыс хатымен, ал 2025 жылы Зайсан ауданы әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Қызметте де, отбасында да абыройлы Динара ханым – екі баланың анасы. Жолдасы Дастан Нығметжанов екеуі бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларды саналы, тәрбиелі азамат етіп өсіруге бар күш-жігерін салып келеді. Қызы Асылжан – Зайсан аудандық өнер мектебінің би және вокал сыныбының тәрбиеленушісі, аудандық және облыстық байқаулардың жүлдегері. 2024 жылы облыстық «Зерде» ғылыми жобалар байқауында математика пәні бойынша бірінші орын иеленіп, білім мен өнер жолында қатар жетістіктерге жетіп жүр.

Қызмет пен отбасы тіршілігін тең ұстап, ел игілігі үшін тынымсыз еңбек етіп жүрген кіші сержант Динара Иманбаева – шынайы патриотизмнің, еңбекқорлық пен жанқиярлықтың жарқын үлгісі. Осындай жандардың арқасында ел шекарасы сенімді қолда, мемлекет тыныштығы берік қорғалған. Алдағы уақытта да Динара Оразбайқызының еңбегі еселене түсіп, шекара қызметіндегі жетістіктері жалғасын табарына сенім мол.

**Подполковник Ф. БАКЕТОВ
«OS-ЧР». Сурет шекара
басқармасынан.**

ЕҢБЕК ПЕН ЕРЛІКТІҢ ЖЕМІСІ

Павлодар облысы бойынша департаменті үздіктерінің қатарынан табылып, өзінің қызметтегі және спорттағы жетістіктерімен дараланып жүрген, «Жетісу» шекара бөлімшесінің топ бастығы - сержант Түменбаев Ермек Жантемірұлының қызметі мен әскери өмірімен таныстыруды жөн көрдім. Ермек сұңғақ бойлы, кең иықты қазақтың нағыз ер азаматына тән елін, жерін қорғап жүрген ержүрек шекарашылардың қатарынан.

Ол 1987 жылы Павлодар облысы Шарбақты ауылы Шалдай ауылында өмірге келген. Туған ауылындағы орта мектепте 9 сыныпқа дейін оқып Павлодар қаласындағы «Көлік және коммуникация» колледжіне оқуға түседі.

Кейін 2008-2009 жылдары аралығында Тараз қаласы маңындағы «Ақсуат» шекара заставасында әскери борышын өтейді. Бұл жылдар оның өмірлік жолының бағытын анықтап бергендей. Әскерден соң біраз уақыт түрлі салаларда еңбек етіп жүріп, бір күні шекара қызметіне адамдар қабылданып жатқанын естіп, құжаттарын тапсырады. Таңдауын анық жасап, 2011 жылы «Арлан» шекара бөлімшесіне қызметке алынады. Сол күннен бастап Ермек өмірін шекарамен байланыстырып, мемлекеттің тыныштығын күзету жолына бет бұрады.

Шекара қызметіндегі алғашқы жылдарында-ақ жауапкершілігі және қырағылығымен көзге түсті. 2013 жылдың ақпан айында заңсыз түрде мемлекеттік шекараны кесіп өтпек болған Өзбекстан Республикасының екі азаматын ұстап, қызмет бабындағы мұқияттылығын дәлелдейді. Бұл ерлігі үшін басшылық тарапынан алғыс хат пен ақшалай марапатқа ие болады.

2014 жылы Ермек отбасы жағдайына байланысты «Жетісу» шекара бөлімшесіне ауысады. Бұл бөлімшеде де өзінің ұқыптылығы мен тәртібін ерекшеленіп, 2015 жылы тағы бір заң бұзушы Тәжікстан азаматын ұстауға атсалысады. Ал 2024 жылдың қараша айында шекара наряды құрамында тағы да дәл сондай жағдайда шекараны бұзып өтпек болған бір тұлғаны құрықтайды. Осы қызметі үшін жыл қорытындысында Павлодар облысы бойынша департаменттің «Үздік мобильдік топ бастығы» атанады.

Бірақ Ермек Түменбаев кәсіби шеберлігімен қоса жан-жақтылығымен де өзгерден дараланады. Спортты серік еткен сержант футбол мен волейболдан бөлімше



намысын қорғап жүрген сайыпқырандардың бірі. Түрлі деңгейдегі жарыстарда командалық рухтың көрінісі ретінде талай мәрте жүлделі орыннан көрініп жүр. Қызметтен тыс уақытта ауыл жастарын біріктіріп, застара командасы ретінде доп теуіп, салауатты өмір салтын насихаттайды.

Жеке өмірінде де үлгілі отбасы иесі. 2011 жылы шаңырақ көтерген. Жары – мектеп кітапханасында қызмет етеді. Үш баланың әкесі: бір ұл, екі қыз. Ермек үшін әкелік борыш та, ел алдындағы парыз да бірдей қасиетті.

— Шекарашы болу мен үшін зор мақташы. Бала күнімнен шекарашыларды көріп өстім, өнді өзім де сол жолды өмірлік кәсібіме айналдырдым. Өз достарыма да шекара қызметіне келуге кеңес беріп жүремін – дейді ол.

Сержант Е.Түменбаевтың еңбегі мен адамгершілігіне әріптестері де жоғары баға береді. «Жетісу» шекара бөлімшесінің бастығы капитан Мерей Айтмолда: «Ермек – сенімді, тәртіпті, өз ісіне берілген әскери қызметші. Былтырғы жылы бақылау-тексеру сабақтарында үздік нәтиже көрсетті. Оны үлгі тұтып ұжымдағы өзге шекарашылар да өсуге ұмтылады», – деп атап өтті.

Сұхбат соңында Ермек те бастығы туралы жылы пікірін білдірді: «Капитан Мерей Айтмолда мықты басшылығымен қатар, өзі де спортты серік еткен офицер. Ол офицердің бөлімшемізге келгенінен бастап спорттық рух ерекше көтеріліп, барлығымыз соған ұмтылып жүрміз», – дейді сержант.

Иә, өз ісіне адал, елдің амандығы үшін күн-түн демей қызмет атқарып жүрген шекарашы – ел іргесінің берік қорғаны. Ермек Түменбаев – сондай азаматтардың бірі. Ел тыныштығының күзетінде тұрған ерлеріміз аман болғай!

**Майор Г. САДЫКОВА, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.**

В Пограничной службе немало достойных примеров, когда простая, но преданная своему делу служба становится не просто профессией, а делом всей жизни. Один из таких примеров – старший сержант Рустам Жапаров, который на протяжении более двух десятилетий верно стоит на страже рубежей Родины.



ЧЕЛОВЕК ЧЕСТИ И ДОЛГА

Рустам Жабаевич родился 7 ноября 1978 года в селе Покровка Мамлютского района Северо-Казахстанской области. После окончания средней школы служил в Жаркентском пограничном отряде с 1999 по 2001 годы.

В январе 2003 года он вернулся в ряды Пограничной службы – на этот раз в качестве военнослужащего по контракту на пограничную заставу «Жаңа-жол», которая стала для него вторым домом.

Его путь – это постоянный рост и профессиональное становление: от старшего стрелка до командира стрелкового отделения. С декабря 2007 года и по настоящее время, на протяжении 18 лет Р. Жапаров исполняет обязанности старшины в родном отделении, где под его руководством была проведена масштабная работа по его строительству и обустройству.

За годы службы старший сержант внес значительный вклад в развитие инфраструктуры пограничного отделения: были построены и оборудованы склады служб, боксы для автомобильной техники, питомник для служебных собак, а в 2021 году проведен капитальный ремонт административного здания. Эти преобразования – результат его настойчивости, инициативности и умения работать с личным составом.

Высокие профессиональные качества Рустама Жабаевича не раз отмечались командованием. В 2020 году он был награжден Почетной грамотой от Директора Пограничной службы, а в 2021 году заслуженно был признан «Старшиной года» Департамента ПС КНБ по Северо-Казахстанской области.

За сдержанным и немногословным характером старшего сержанта скрывается глубокое чувство ответственности. На протяжении последних 5 лет после кончины любимой супруги, он воспитывает двух повзрослевших дочерей, и, несмотря на жизненные испытания, остается образцом мужества, стойкости и верности долгу.

Хобби у него нет – вся жизнь отдана службе. И это, пожалуй, говорит о нем больше, чем любые слова. Старший сержант Рустам Жапаров – не просто опытный пограничник, но и настоящий пример для подражания. Его служба стала неотъемлемой частью истории Пограничной службы, а строительство и ремонт пограничного отделения – его посильный вклад в дело укрепления безопасности страны.

**Майор Д. УТЕБАЕВА,
«OS-ЧР». Фото из личного
архива Р. ЖАППАРОВА.**

ЕЛ ШЕБІНДЕГІ ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК

Осындай ауыр, бірақ абыройлы жолды таңдап, табандылықпен еңбек етіп келе жатқан азаматтардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ардагері прапорщик Жасұлан Шахметов.

Жасұлан Шахметов 1999-2001 жылдар аралығында ҚР ҰҚК Шекара қызметінде мерзімді әскери борышын өтеген соң, шекаралық қызметтің маңызын жүрегімен ұғынып, 2001 жылы келісімшарт негізінде қайта сапқа тұрған болатын. Содан бері 20 жылдан астам уақыт бойы Қызылорда облысы бойынша департаментінің сенімді қызметкері атанып келеді. Бүгінде шаруашылық қамтамасыз ету тобында қойма бастығы лауазымын абыроймен атқаруда.

Ол жұмыс істейтін қойма – тек заттай мүлік пен құрал-жабдықтардың ғана емес, шекарашылардың күнделікті өмірін қамтамасыз ететін маңызды құрылым. Әскери қызметтің сырт көзге көріне бермейтін, бірақ аса жауапты тұсы – тылдық қамтамасыз ету. Жасұлан мырза бұл салада жылдар бойы қалыптасқан тәртіп пен ұқыптылықты басшылыққа ала отырып, әр әріптесінің берілген тапсырманы сапалы орындауына жағдай жасап келеді.

Бес ұл тәрбиелеп отырған әке ретінде де Жасұланның өмірлік ұстанымы – тәртіп пен адал еңбек. Оның отбасындағы, қызметіндегі табандылығы жас ұрпаққа үлгі боларлық. Әке жолын жалғастырып, әскери қызметке қызығушылық танытып жүрген балалары – оның ел алдындағы еңбегінің көрінісі.

Шекара шебіндегі тыныштық – мыңдаған шекарашының қажырлы еңбегі мен адал қызметінің арқасы. Прапорщик Жасұлан Шахметов сол елеусіз, бірақ ел үшін маңызды миссияны атқарып жүрген ардақты азаматтардың бірі. Әскери салада жиырма жылдан астам уақыт қызмет атқару – ерлікке пара-пар. Оның еңбек жолы – елге қызмет етудің үлгісі, жас буынға бағыт берер темірқазық.

Осындай адал қызметкерлердің арқасында Шекара қызметінің беделі мен қуаты артып, ел шебі сенімді қолда тұр.



**Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ,
«OS-ЧР». Суретті
түсірген автор.**

Әскери қызмет – батырлық пен төзімділікті, адалдық пен тәртіпті қатар алып жүруді талап ететін қасиетті борыш. Бұл – тек мамандық емес, өмір салты. Жауапкершілік пен қиындықты еңсеру, тәртіпке бағыну мен өзгелердің қауіпсіздігі үшін өзіңді тәрк ету – әрбір сарбаздың күнделікті тіршілігіне айналған ұлы парыз.



ШЕКАРАНЫ НЫҚ ШЕГЕНДЕГЕНДЕР

Шекара – мемлекеттің мызғымас қалқаны. Бұл қалқанның беріктігі мыңдаған маманның маңдай тері мен тынымсыз еңбегінің арқасында нығая түсуде. Солардың бірі – Таубаев Жандос Ергазиевич.



Жандос Ергазиевич 1989 жылы 25 қыркүйекте Сарыағаш қаласында дүниеге келіп, 2005 жылы мектепті аяқтаған соң, Қапалбек агроэкономикалық колледжінің құқықтану факультетіне оқуға түседі. 2008 жылы Қостанай қаласындағы 6697 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын өтеп, бір жылдан соң азаматтық өмірге оралады. 2010 жылдың желтоқсанынан бері ол Түркістан облысы бойынша департаментінің Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінде дәнекерлеуші маманы ретінде қызмет атқарып келеді. 2019 жылдан бастап инженерлік бө-

геттер жасау тобына жетекшілік етіп, ел шекарасын темір торлармен қамтамасыз ету ісіне белсене атсалысуда.

«Біздің міндет – еліміздің тыныштығын күзету. Шекара бойына орнатылатын дәнекерленген торлар – қорғаныс қабырғасының алғашқы шебі. Біз бұл жұмысты инженерлік цехтегі әріптестермен бірлесе отырып, үлкен жауапкершілікпен атқарамыз», – дейді Жандос. Кәсібіне адалдығы мен шынайы еңбегі елеусіз қалмады. 2024 жылы департамент бастығының алғыс хатымен марапатталып, «Үздік дәнекерлеуші» атағына ие болды. Бұл – кәсіби шеберліктің ғана емес, елге деген сүйіспеншіліктің де айғағы.

Отбасында төрт баланың әкесі – қос ұл, қос қыз тәрбиелеп отырған Жандос Ергазиевич үшін шекараны қорғау – жай қызмет емес, ұрпағына аман-сау болашақ қалдырудың жолы.

Темір тормен шегенделген шекара – бейбіт өмірдің кепілі. Ал сол шекараны шегендеп жатқан жандар – елдің нағыз ерлері.



**Майор
Р. АСАДИЛОВ
«OS-ЧР». Сурет
бөлім қорынан.**

БӨЛІМШЕ ҮШІН ТІРЕК БОЛҒАН

Қасиетті Тарбағатайдың етегінде, Мақаншы өңірінің ең күрделі шекаралық учаскелерінің бірінде – «Тасты» шекара бөлімшесінде айбынды бір сарбаз өз міндетін абыроймен атқарып келеді. Ол – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының Тасты шекара бөлімшесінде қызмет атқарып жүрген ефрейтор Жұмабеков Аманбек Жұмабекұлы.

Аманбек Жұмабекұлы – шекара қызметін жүрек қалауымен таңдаған, Отан алдындағы борышын адал атқаруға бел буған жауынгер. Ол 1996 жылдың 21 қазанында Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Бестерек ауылында дүниеге келген. Бала күнінен туған жерінің биік жоталары мен шексіз даласына қарап өскен Аманбектің бойында патриоттық рух пен еңбекқорлық ерте қалыптасқан.

2004–2014 жылдар аралығында өзі туып-өскен ауылдағы Мешітбай Хасенов атындағы орта мектепте білім алған жас Аманбек сабақты да, қоғамдық жұмыстарды да қатар алып жүретін үлгілі оқушы болды. Мектеп қабырғасынан кейін Семей қаласындағы электротехникалық колледжде білім алып, 2017 жылы 4-разрядты электрик мамандығын иеленді. Техникалық бағыттағы білімі оның шекара қызметінде де кәдеге жарап келеді.

Отан алдындағы қасиетті борышын



өтеу мақсатында 2017–2018 жылдары Атырау қаласы маңындағы Дамба ауылында орналасқан 2201 әскери бөлімде әскери міндетін атқарды. Осы кезең – Аманбек үшін азамат ретінде шыңдалу кезеңі болды. Қатардағы жауынгерден бөлімшедегі үздік сарбаздардың біріне айналып, әріптестері арасында сый-құрметке ие болды.

Әскери борышын өтеп келген соң, 2019 жылы отбасын құрып, бүгінде бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отырған үлгілі әке. Оның өмірлік ұстанымында отбасы мен қызмет – егіз ұғым. Қай салада жүрсе де, адал еңбек пен тәртіпті бірінші орынға қояды.

2021 жылы ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Абай облысы бойынша департаментінің Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына қызметке орналасқан Аманбек қазіргі уақытта «Тасты» шекара бөлімшесінде барлау-

шы-көздеуші болып еңбек етуде. Бұл міндет – шекарадағы ең жауапты және қауіп-қатері жоғары бағыттардың бірі.

Аманбек Жұмабекұлының қызметі тек жеке еңбектен ғана тұрмайды – ол біртұтас ұжыммен берік байланыстың нәтижесі. «Тасты» бөлімшесінің командирлері мен әріптестері оның ұқыптылығын, уақытқа дәлділігін және өзгенің де жұмысын ескеріп жүретін адамгершілігін ерекше атап өтеді. «Күнделікті сапта жүріп, ешқандай тәртіп бұзушылықсыз, әрбір қимылын заң мен тәртіпке сай жүргізетін жігіт – біздің бөлімше үшін тірек» дейді командирлері.

Ефрейтор Жұмабеков Аманбек Жұмабекұлы болашағын да осы қызметпен байланыстырады. Ол үшін шекара – жай жұмыс орны емес, өмір жолының үлкен бір бөлігі. Жоғары әскери білім алып, болашақта офицер болуды армандайды. Бұл арман – бос қиял емес, күн сайын нақты әрекетпен жүзеге асып келе жатқан мақсат.

«Мен үшін шекара – жай аумақ емес, бұл – елімнің намысы. Ал мен сол намысты күзетіп жүргеніме мақтанамын», – дейді ефрейтор А.Жұмабеков.

**Аға лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР». Сурет басқармадан.**

ҚАСИЕТТІ ЖӘДІГЕР

1 шілде – бұл күн шекара әскерлерінің жүрегінде айрықша орын алатын тарихи белес. 1902 жылдың дәл осы күні, яғни шілденің алғашқы таңында, Ресей империясының Ерекше шекаралық корпусына арнайы бұйрықпен шекарашылар киім үлгісіне жасыл түсті фуражка енгізілді.

Содан бері бұл фуражка – жай ғана бас киім емес, шекарашылар үшін қасиетті рәмізге айналды.

Жасыл фуражка – бұл Отан алдындағы адал қызметтің, темірдей тәртіптің, қайыспас қайсарлықтың нышаны. Ол шекара шебін күзеткен мыңдаған жауынгердің маңдай тері мен ерлігінің, антына адалдығы мен батылдығының үнсіз куәгері. Жасыл түс – табиғаттың,



тыныштық пен сенімнің түсі. Бұл – бейбіт өмірдің қалқаны болып тұрған шекарашының рухын бейнелейді.

Уақыт өтсе де, дәстүр жалғасып келеді. Шекара қызметіне жаңадан келген сарбаздар мен офицерлер жасыл фуражканы басына киген сәттен бастап үлкен жауапкершілікті сезінеді. Өйткені бұл фуражка – ерлік пен елге адалдықтың белгісі ғана емес, сонымен қатар ата-баба аманатын арқалаған ұлт қорғанының рухани символы.

Жасыл фуражка – шекарашылар үшін киелі ұғым. Ол туған жерді шексіз сүйіп, оны қорғауға дайын болудың белгісі. Бұл – ел тыныштығын күзеткен күзетшінің мақтанышы, абыройы мен намысы.

Подполковник Ж.КЕМЕЛ, «ОС-ЧР»
 Сурет редакция мұрағатынан.

АНТҚА АДАЛДЫҚ – ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМ

Шекара қызметіндегі тәжірибе – бұл тек еңбек жолы ғана емес, Отан алдындағы адалдықтың, табандылықтың және кәсіби шеберліктің жарқын көрінісі. Сержант Дусаев Болат Мақсұтұлы үшін бұл жылдар – ерлікке толы күндер, жауапты сәттер мен толассыз қызметтің тарихы.



Болат Мақсұтұлы 1978 жылдың 30 тамызында Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы Махамбет ауылында дүниеге келген. 9-сыныпты аяқтаған соң, Зеленов ауданы Рубежка ауылындағы АКТУ-16 кәсіптік-техникалық училищесіне түсіп, 1996 жылы «механик-жүргізуші» мамандығын меңгеріп шықты.

Сол жылы әскер қатарына шақырылып, ҚР ҰҚК Шекара қызметі құрамында Тәжік-Ауған шекарасында борышын өтеді. Бұл аймақ – 90-жылдары ең қауіпті ері тұрақсыз өңірлердің бірі болатын. Күн сайынғы қауіп, қиын климат пен биік таулы жерлердегі тапсырмалар жас сарбаздан төзімділік пен ерік-жігерді талап ететін. Осындай сындарлы шақта Болат Мақсұтұлы әскери антқа берік болып, өз

міндетін абыроймен атқарды.

Тәжік-Ауған шекарасындағы қызмет еткен жылдары ол үшін үлкен өмір мектебі болды. «Біздің взвод өте ұйымшыл болатын. Бәріміз бір үйдің баласындай едік. Қиындықты бірге жеңіп, жауынгерлік рухты биік ұстадық. Таулы жерде климат қатал еді, дегенмен сарбаздардың арасында көп талантты жігіттер болды», – деп еске алады Болат Мақсұтұлы.

Жауынгерлік рухты көтеру мақсатында ол музыкалық аспаптарда ойнауды үйреніп, кешкі уақыттарда жолдастарына ән-күй сыйлап, сарбаздар арасында моральдық қолдау көрсетіп отырды. Бұл жай ғана ермек емес, нағыз ынтымақ пен бауырмалдықтың көрінісі болатын.

2001 жылдың 8 ақпанында Тәжікстаннан Қазбаттың шығарылуына байланысты ол алғыс хатпен марапатталды. Бұл – оның әскери жолындағы маңызды белестердің бірі болды.

2004 жылы келісімшарт не-

гізінде қайта Шекара қызметіне оралып, өз тәжірибесін жас сарбаздарға үйретуге кірісті. Батыс Қазақстан облысында басталған қызмет жолы кейін Маңғыстау облысы, Бейнеу ауылында жалғасып, әр жылдары түрлі маңызды шекара учаскелерінде қызмет атқарды. Қазіргі таңда ол «Тасқала» шекара бөлімінде мемлекеттік шекараны күзету бойынша жауынгерлік міндетін атқарып келеді.

21 жылдық әскери қызмет жолы – бұл жай ғана еңбек емес, бұл – Отанға деген сүйіспеншілік пен азаматтық борышқа адалдықтың айғағы. Болат Мақсұтұлының өмір жолы – жас сарбаздар үшін үлгі, ал ел үшін – мақтаныш.



Аға лейтенант
 А. КӨЛБАЙ,
 «ОС-ЧР».
 Сурет шекара
 бөлімшесінен.

ЖАС КЕЛСЕ – ІСКЕ

Жас келсе – іске. Бұл нақылдың өміршеңдігін шекара шебінде абыроймен қызмет етіп жүрген жас офицер Темірлан Ерғалиұлы Арынның өмір жолынан анық аңғаруға болады. Тәуелсіз елдің тұтастығы мен тыныштығын күзету – екінің бірінің маңдайына жазыла бермейтін қасиетті міндет. Осындай ауыр да абыройлы жолды жүрек қалауымен таңдаған жас лейтенант бүгінде шығыс шекарасындағы Зайсан өңірінде, «Қаратал» шекара бөлімінің «Майшілік» шекара бөлімшесінде өзіне жүктелген әскери борышты асқан жауапкершілікпен атқарып келеді.

Темірлан Ерғалиұлы – Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Әлімтау елдімекенінің тумасы. Болашақ офицердің мінезі мен ұстанымы, өмірге деген көзқарасы туған ауылында, қарапайым қазақ шаңырағында қалыптасты. Алғашқы білімін 2009 жылы туған ауылындағы №25 Әлия Молдағұлова атындағы орта мектептен алып, сол кездің өзінде-ақ алғырлығымен, жинақылығымен ерекшеленген ол болашағын әскери қызметпен байланыстыруға бел буды. Осы арман оны Алматы облысы Талғар ауданындағы «Арыстан» мамандандырылған лицейіне алып келді. Ерлікке, тәртіпке, табандылыққа баулитын бұл оқу ордасы Темірланның өмір жолында шешуші белес болды.

Лицей қабырғасында жүрген кезінде-ақ ол әскери салаға қажетті қасиеттерді бойына сіңіріп, тәртіп пен талапты өмір дағдысына айналдырды. Спортты серік еткен жасөспірім облыстық, республикалық деңгейдегі жарыстарға қатысып, волейбол мен қоян-қолтық ұрыстан жұлделі орындарға ие болды. Өзінің айтуынша, «дені сау сарбаз – мықты сарбаз» деген ұстанымды ерте жастан бойына дарытқан.



Әскери өмірге қадам басқанға дейінгі осы дайындық оның болашақ қызметінде үлкен артықшылыққа айналды.

Лицейде оқи жүріп еліміздің әр қиырындағы әскери оқу орындары туралы кеңінен мағлұмат алған Темірлан үшін Шекара қызметі ерекше тартымды болып көрінді. Ел шекарасын күзету – тек қызмет емес, бұл – ерлік пен отаншылдықтың тоғысқан тұсы екенін ол жүрегімен сезінді. Әр шекарашының өмірі, қызмет барысындағы қиындықтары мен табыстары жас түлекті шабыттандырмай қоймады. Сол себепті де, 2020 жылы Алматы қаласындағы ҚР ҰҚК Шекара академиясына оқуға түсіп, бұл арманына нық қадам жасады.

Академиядағы оқу жылдары оның әскери көзқарасын қалыптастырып, білім мен тәжірибе тұрғысынан толысуына жол ашты. Жас курсант шекара қауіпсіздігінің терең мәнін түсініп, әскери тәртіп пен стратегияның, командалық басқарудың негіздерін еркін меңгеріп шықты. Оқу орнын ойдағыдай тәмамдап, 2024 жылы алғашқы офицерлік «лейтенант» шенін иеленіп, Шығыс Қазақстан облысы бойынша Зайсан шекара басқармасына қарасты «Қаратал» шекара бөлімінің «Майшілік» шекара бөлімшесіне қызметке жіберілді.

Жас офицер жаңа ортаға тез бейімделіп, шекара бөлімшесінің тыныс-тіршілігіне жан-тәнімен кірісіп кетті. Қызметтің алғашқы күндерінен-ақ өзінің ұйымшылдығы мен тиянақтылығын, тәртіпке деген

ерекше құрметін көрсетіп, жеке құрам арасында беделге ие болды. Әскери міндетті мүлтіксіз орындауға деген құлшынысы, бөлімшенің жауынгерлік әзірлігін жоғары деңгейде ұстай білуі, сарбаздардың тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауы – Темірлан Арынның болашағы зор офицер екенін айқын аңғартады.

Қызметтің әр күні – сынақ. Әсіресе шекара шебінде. Бұл жерде тек кәсібилік ғана емес, жігер мен сабыр, тез шешім қабылдай алу, ері батылдық қажет. Жас болса да, осы қасиеттерді бойына сіңіріп келе жатқан лейтенант Арын бүгінде өз қатарластарына үлгі бола білді. Жауынгерлік әзірлік, әскери тәртіп, моральдық-психологиялық тұрақтылық сынды әскери өмірдің басты қағидаттарын ұдайы назарда ұстап, бөлімшедегі әр сарбаздың бойындағы әлеуетті ашуға тырысуда.

Бүгінгі Темірлан – кеше ғана ел намысын спорт алаңында қорғаған жас болса, енді ел шебінде тұрған шекарашы офицер. Оның өмір жолы – елге қызмет етуді өмірлік мақсат еткен жастарға жарқын үлгі. Мемлекеттік шекара – елдігіміздің тұмары. Ал сол шекараны күзетіп жүрген жас офицерлер – болашағымыздың берік қорғаны.

Осындай жас та жігерлі, отансүйгіш, білікті мамандар еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырғанда, біз еліміздің болашағына сеніммен қарай аламыз. Жас келсе – іске. Бұл нақылдың шынайы бейнесін Темірландай офицерлердің бейнесінен көреміз.

Подполковник
 Ф. БАКЕТОВ, «ОС-ЧР».
 Сурет шекара
 бөлімшесінен.

ШЕКАРАҒА ЖОЛ

Биыл әскер қатарына алынып, ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Райымбек, Қарасай аудандары бойынша шекара басқармаларының техникалық және кәсіптік даярлық бөлімінде жас жауынгерлер курсынан өткен сарбаздарға ел шебіне аттанатын кез де келіп жетті. Олар мұнда әскери өмірмен танысып, білімдерін шыңдаумен қатар, шекараға қажетті мамандықтың иесі атанды.

Сарбаз. Әскерге алынғанға дейін олардың бірі студент, енді бірі жұмыс істейтін. Араларында жоғары білімділері қаншама. Еліміздің оңтүстік астанасындағы департаменттің оқу базасында әскери өмірдің қас-қағым, қарбаласын өз бастарынан көшіріп, темірдей қатаң тәртіпке бағынуды үйренген жас азаматтар мұнда жауынгерлік достықтың қандай болатынын, қаншалықты маңызға ие екенін түсінді. Ант қабылдады. Далалық оқу полигонына барып, нысанаға оқты дәл тигізуді үйренді. Өзіне қарай бар шапшаңдықпен жақындап келе жатқан жаяу ұрыс машинасын өзінің үстінен өткізіп жіберіп барып, артынан оқу гранатасын лақтыруға жаттықты.

...Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасы. Бүгін мұнда дайындықтан өткен сарбаздарды шекараға шығарып салу рәсімі өтеді. Сондықтан басқармаға айтылған уақыттан бұрын жетіп, жігіттердің жолға жиналып жатқан сәтін суретке түсіруге тырыстық. Сөйтіп, «түйе сұрағанға бие береді» демекші, аз уақыттың ішінде бір үйдің баласындай болып кеткен сарбаздар бір-бірімен қоштасып жатқандарының үстінен түскеніміз бар емес пе?!

Иә, бұл – қайталанбас көрініс болатын. Енді санаулы минуттардан соң әскери көлікке мініп, теміржол вокзалына жол тартатын сарбаздар мен оларға ғимараттың



терезелерінен қол бұлғаған қаруластарын жауынгерлік достық еді, байланыстырып тұрған. Осы сәт барлығы көңілді, алайда бұл да біздің жас шекарашылардың көздеріндегі қимастықты жасырып, жаба алмаған. Бұдан былай ҰҚК Шекара қызметі шығысы мен оңтүстігінде, батысындағы ел шебінде қызмет атқаратын олардың жолы қайтып түйісе ме, жоқ па?..

Ал біз Абай облысы бойынша департаментінің учаскесіне аттанғалы тұрған сарбаздардың ішінен төрт егізді көріп, қуанышымызда шек болмаған. Енді қалай деп едіңіз, бұл деген журналист үшін алтын толы сандықты «тапқанмен» бірдей. Сосын да алдымызға келіп тұра қалған егіздерді суретке түсіргенше тыным таппағанымызды өзіңіз де түсінген боларсыз...

Осылайша, рәсім де басталып, шекара басқармасы бастығының тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Т.Табылдиев саптық алаңға соңғы рет сапқа тұрған сарбаздардың алдағы қызметтеріне сәттілік тіледі. Сондай-ақ, бүгінгі шараға арнайы шақырылған шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалының мүшесі отставкадағы полковник Қазақбай Ертісбаевтың да өз Отанының қорғаны болуға тас-түйін дайын тұрған кіші буынға айтар насихаты аз болған жоқ.

Иә, оларды алда шекараның жел өтіндегі өмірі күтіп тұр. Біз осылай деп айтудан шаршамаймыз. Өйткені, шекара – ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүргісі келетіндердің ортасы емес! Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының полковник Сағадат Әуезов басқаратын техникалық және кәсіби даярлық бөлімі шекараға нағыз патриоттарды дайындау үшін терлеп еңбек етті. Енді соның жемісін жейтін кез де туған. Саптағы сарбаздардың жалын атқан көздерінен осыны түсіндік!



Журналистер одағының мүшесі, әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

ПРОФИЛАКТИКА

БЕЗОПАСНОСТЬ – НАШ ПРИОРИТЕТ

Наступило лето – пора жары, отпусков и отдыха у воды. Однако именно в этот период традиционно возрастает число несчастных случаев на водоемах. Чтобы предотвратить трагедии и напомнить военнослужащим о правилах безопасности, офицеры отдела воспитательной и идеологической работы Департамента ПС КНБ по Мангистауской области совместно с сотрудниками МЧС региона провели разъяснительные занятия с личным составом.

В ходе мероприятия начальник управления по воспитательной, идеологической и кадровой работе департамента подполковник Дулат Алдербаев подробно рассказал о правилах безопасного поведения на воде. Он обозначил места, где разрешено купание, и напомнил об ответственности за нарушение установленных требований.

Сотрудники МЧС наглядно продемонстрировали, как оказывать первую помощь человеку, терпящему бедствие на воде, используя макеты и манекены. Капитан спасательной службы Оркен Тастемиров подробно объяснил порядок действий в случае чрезвычайной ситуации.

Памятка для военнослужащих если рядом тонет человек

Если Вы можете самостоятельно оказать помощь:

1. Оцените ситуацию: не бросайтесь в воду необдуманно. Если сильное течение или вы плохо плаваете – лучше не рисковать.
2. Позовите на помощь: крикните другим, чтобы вызвали спасателей.
3. Используйте подручные средства: бросьте человеку спасательный круг, веревку, длинную палку или надувной предмет.

Если решились заходить в воду:

1. Подплывайте к человеку сзади, чтобы избежать захвата.
2. Старайтесь сохранить спокойствие и успокоить пострадавшего.



3. Держите человека за подмышки или под шею, буксируйте его к берегу.

Если помочь самостоятельно не можете:

1. Срочно вызывайте спасателей по номеру 112.
2. По возможности укажите точное место происшествия и ориентиры.
3. Организуйте встречу спасателей на берегу.
4. Следите за пострадавшим, не упуская его из поля зрения.

Оказание первой помощи пострадав-

шему на берегу:

Важно! Не тратьте время, если человек без сознания – действуйте немедленно:

1. Осторожно уложите человека на спину на ровную поверхность.
2. Проверьте наличие дыхания и пульса:
 - Слушайте дыхание, поднесите ухо к лицу.
 - Осмотрите грудную клетку – движется ли.
 - Пульс проверяется на сонной артерии (по бокам шеи).

Если дыхания и пульса нет:

При наличии специальных средств:

1. Используйте маску для искусственного дыхания или дыхательный мешок.
2. Делайте 30 нажатий на грудную клетку, затем 2 вдоха через маску.

Если специальных средств нет:

1. Зажмите нос пострадавшего.
2. Сделайте искусственное дыхание «рот в рот», при этом накройте рот пострадавшего платком, куском одежды или марлей для гигиены.

3. Продолжайте в соотношении 30 нажатий и 2 вдоха, пока человек не придет в сознание или не придут спасатели.

Особенности оказания помощи ребенку:

- Дыхание и массаж делаются более аккуратно.
- Грудную клетку нажимают двумя пальцами (у младенцев) или ладонью (у детей постарше).

Соотношение: 30 нажатий и 2 вдоха, как у взрослых.

Если дыхание восстановилось:

- Переверните человека на бок в устойчивое положение, чтобы избежать западания языка или захлебывания.
- Контролируйте состояние до прибытия медиков.

Капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР». Фото автора.

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі: Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы: Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_rodrap@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты: gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев
Редактор: Азамат Мұханов
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов, Айдоң Киргизбаев, Диас Жамұхамбетов
Меншікті тілшілер:
Алматы - Тамара Дәулетбаева
Атырау - Бауыржан Қожантай
Ақтау - Асхат Жаналипов
Ақтөбе - Жасұлан Шармаков
Талдықорған - Манарбек Қарекенов
Жамбыл - Асыллан Жексенбин
Шымкент - Рауан Асадилов

Қызылорда - Әкімжан Төлебай
Өскемен - Ғалымжан Бакетов
Семей - Ердос Қайртай
Петропавл - Динара Утебаева
Павлодар - Гүлзада Садықова
Қостанай - Нұрасыл Сакен
Орал - Айжан Көлбай
Фототілшілер: Асхат Сәбиев, Аян Қайыр, Диас Куанышев
Компьютерлік безендіру және беттеуші: Нұрхан Кабдулов
Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова
Немірдің кезекші редакторлары: Ж.Кемел, О.Жақсылықов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді. Газетті есепке қою туралы № 1394-г күзлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген. Газет "OS-ЧР" әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Шілденің алғашқы жексенбісі елімізде Ұлттық Домбыра күні ретінде аталып өтіледі. Бұл күн – ата-бабамыздың аманаты, халықтың жүрегінен орын алған киелі аспап – домбыраның мәртебесін асқақтатып, ұлттың рухани тамырын тереңнен тартатын ұлы күн.

Атаулы мереке күніне орай ҰҚК Шекара қызметі Әскери-патриоттық қызмет басқармасының Ансамбль тобы онлайн форматта қазақтың 30 күйін орындады. Төл аспабымыздың қоңыр үні жеке құрам мен инстаграм көрермендерінің қызығушылығын оятып, жүректеріне жарық сәуле шашты.

Домбыраның күмбірі — өткен тарихымыздың үні. Құрманғазы, Дина, Төттімбет, Қазанғап, Сүгір секілді күйшілердің жүректен төгілген күйі арқылы елдің ерлігі, ұлттың рухы бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр. Домбыраның әрбір үні ұрпаққа – өнеге, өнерге – тағылым.

Домбыра жер бетінде кеңінен тараған шертпелі аспаптардың бірі. 1500 жыл бұрын қолданыста болған көне аспап Алтай тауының Моңғолия жағындағы



Үңгіртас деген үңгірден табылған. Алғаш малшының қолына түскен аспап археологтардың қызығушылығын оятып, 2008 жылы мемлекет қамқорлығына алынады. Түрколог ғалым Қ.Сартқожаұлы кейін бұл

аспаптың домбыраның арғы «атасы» екенін дәлелдеп шығады.

Мемлекет басшысының бастамасымен 2018 жылдан бері тойланып келе жатқан Ұлттық Домбыра күні – елдің рухын кө-

теріп, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ерекше серпін берді. Бұл күн мектептер мен жоғары оқу орындарында, мәдениет ошақтарында арнайы концерттермен, шеберлік сабақтарымен, көрмелермен аталып өтеді. Балалар мен жастардың домбыра үйренуге деген қызығушылығы артып келеді. Бұл – ұлт болашағы үшін қуанышты жағдай.

Киелі аспап тек сахнада ғана емес, әр отбасының төрінде тұруы тиіс. Себебі ол – ұлттық бірегейлікті сақтайтын, ұлтты ұлт ететін асыл мұра. Ұстаздар мен ата-аналар балаларға домбыраны үйретіп, оның тарихын таныстыру арқылы олардың бойында елге, жерге, ұлтқа деген махаббатты қалыптастырады.

Домбыра күні – тек музыка мерекесі емес, бұл – ұлттық рухтың, ұрпақ сабақтасығының, елдік сана мен бірліктің күні. Ұлтының мәдениетін құрметтейтін әрбір азамат осы күні домбыра үнімен жүрек үндестігін табуға тырысуы керек.

Қасиетті аспабымыз – өткеннің аманаты, бүгінгінің үміті, болашақтың темірқазығы. Ұлы даланың үні – домбыра жасай берсін, қазақтың күйі асқақтай берсін!

Лейтенант А. КИРГИЗБАЕВ,
«OS-ЧР». Сурет редакция қорынан.

ШЕКАРА КҮЗЕТІНДЕГІ КҮНДЕР...

Мүлгіген тыныштықты «Дабыл» пәрмені бұзады. Көкжиекке енді ғана шапағын төккен күннің шуағы сарғыш реңмен тауларды бояп тұр. Қаруларын иықтарына асынып, сапқа тұруға дайындалып жатқан сарбаздар қатарында Асқар да бар. Қатардағы жауынгер Асқар Байқонысов – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының мерзімді әскери қызметшісі.



– Байқонысов, сенің қолың епті көрінеді. Бүгіннен бастап сарбаздардың шашын сен аласың, – деді.

Асқар алғашында тосылып қалды. Бұрын қайшы ұстағаны болмаса, шекара сақшыларының шашын алу сияқты жауапты іспен айналысып көрмеген. Бірақ бұл да әскердің кезекті бір сабағы екенін ұқты. Бірнеше аптадан кейін шаштараз орындығына жайғасқан әр сарбаз алғыстарын айтатын болды.

Ең қызығы – әскерде кітапқа деген қызығушылығы артты. Бұрын түрлі туын-

дыларға әлеуметтік желіде ғана «көз жүгіртіп өтетін». Әскерге келгелі кітаптың әр парағын ұғынып оқуды үйренді. Сөредегі Бауыржан Момышұлының, Қасым Аманжоловтың кітаптары біртіндеп жан серігіне айналды. Күндізгі қызметтен қолы босай қалса болғаны кітап оқуға асығады. Оның жанына тыныштық пен ой керек еді – ал әскер оған осыны сыйлады.

Бір күні топ командирі күллі сарбаздың көзінше оның ата-анасына жазылған алғыс хатты оқып берді. Асқар үнсіз ғана тыңдап тұрды. Жүрегі алабұртып кетті. Анасы мен әжесінің жүзін елестетті... Кеңарал ауылының қараша түтінін, сабырлы күндерін сағынышпен еске алды.

Қатардағы жауынгер Асқар Байқонысов: – Әскер – менің мінезімді тәрбиелеп қана қойған жоқ. Ол өмірді түсінуге, тыңдауға, шыдауға, сезінуге үйретті, – дейді.

Ол ертең ауылына оралады. Бірақ бұл жерден бұрынғы Асқар емес – жан дүниесі өскен, жүрегі тереңдеген, болмысы бекіген ер азамат болып қайтады.



Журналистер
одағының мүшесі
подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР». Сурет
шекара бөлімшесінен.

СЫРДЫҢ ҚҰМЫ – СИРЕК ТІРШІЛІКТІҢ МЕКЕНІ

Қызылорда – тарих пен табиғаттың тоғысқан мекені. Қазақ елінің алғашқы астанасы болған бұл өлке – ұлт тарихында айрықша орын алатын қасиетті аймақ. Сырдария өзенінің бойында орналасқан Қызылорда облысы – кең байтақ даланың, аптап ыстықтың, сусыған құм мен сонау ғасырлар қойнауынан жеткен аңыздардың мекені.



Мұнда шөл мен шөлейт белдеулер басым, климат қатал – жазы ұзақ, қапырық, қуаң болса, қысы қысқа әрі құрғақ. Дегенмен дәл осы табиғат ерекшеліктері сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлардың мекеніне айналған.

Қызылорда облысының табиғаты ерекше – мұнда Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген бірқатар тіршілік иелері кездеседі. Өсімдіктерден сексеуілдің бірнеше түрі, жыңғыл кішкентай шырша – эфедра сынды сирек шөптер бар. Бұл өсімдіктер шөл топырағы мен климаттық өзгерістерге өте төзімді. Алайда соңғы жылдары антропогендік факторлар мен климаттың өзгеруіне байланысты бұл өсімдіктер жойылу қаупіне ұшырап отыр.

Жануарлар дүниесінен құлан, қарақұйрық, қабылан, шұбар шіл және Үстірт арқары сияқты сирек жануарлар тіркелген. Бұл аңдардың кейбірі тек осы өңірде ғана сақталған. Ерекше атап өтуге тұрарлық – Қызылорда облысында орналасқан «Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығы. Арал теңізінің тартылуымен бұрын аралда орналасқан бұл қорық қазір құрлыққа айналған. Барсакелмес – тек Қазақстанда ғана емес, әлемдік маңызы бар экожүйе. Қорықта 300-ден астам жануар түрі мен 250-ден астам өсімдік тіркелген. Оның ішінде 12-сі Қызыл кітапқа енген.

«Барсакелмес» атауының өзі – аңыз. Аңыз бойынша, бұл аралға барған кісілер қайта оралмаған, сол себепті ел арасында

“Барып келмес” аталып кеткен. Ғасырлар қойнауынан жеткен бұл аңыз табиғаттың тылсым құпиясын жеткізіп тұрғандай. Ал бүгінгі таңда бұл аумақ – Қазақстан экологиясы мен биоалуандылықты сақтау бағытында ерекше қорғауға алынған жер.

Қызылорда табиғатын қорғау – әр азаматтың міндеті. Сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарларды сақтау арқылы біз келер ұрпаққа аманат етіп, табиғи байлығымызды жоғалтпай сақтап қаламыз. Еліміздің шекарасында тұрған шекарашылар да тек ел тыныштығын қорғап қана қоймай, осындай табиғи құндылықтардың сақталуына өз үлесін қосып келеді.

Қызылорда өңірі – табиғаты қатал, бірақ бойында баға жетпес байлығы бар қасиетті мекен. Қызыл кітапқа енген өсімдіктер мен жануарлар – халқымыздың ұлттық қазынасы, болашақ ұрпаққа қалатын табиғи мұра. Табиғатты қорғау – баршамыздың ортақ міндетіміз. Осы мақала арқылы туған жердің табиғи байлығына деген сүйіспеншілікті оятуға, қорғауға үн қосқым келді.

Алдағы уақытта осындай тақырыптағы танымдық-табиғи мақалаларды оқырманмен бөлісіп отырамын. Табиғатты бірге танып, бірге қорғап жүрейік!

Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ,
«OS-ЧР».
Сурет ғаламтордан.